

**Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебінде педагог-психологтардың 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған  
Диагностикалық жұмыстарының мәліметі**

**Қыркүйек айында** Мектепке қабылданған баланың психологиялық даярлығын анықтау мақсатында 1 сынып оқушыларымен Н.Халмуратова «Керн-Йирасек» тесті арқылы. Ер адамның суретін салу, сөздер көшірмесі, нүктелер көшірмесі жаттығуларын орындатып, оқушылардың бейімделу деңгейін анықтады. Баланы психологиялық тестілеу мен диагностикалау үшін ата-ананың келісімін алдық.

**Қазан айында** Дарынды оқушыларды анықтау мақсатында «Оқу мотивациясын анықтау» сауалнамасы 2-5 сыныптардан алынды. (Н.Г.Лусканова).



5-8 сынып оқушыларынан «Кактус» әдістемесі алынды. (М.А.Панфилова)

10-11 сынып оқушыларынан Е.Е.Туниктің дарындылықты анықтау негізіндегі шығармашылық ойлауды зерттеу әдістемесі алынды.

Жаңадан мектепке қабылданған мұғалімдерді психологиялық зерттеу.

Ұжымның әлеуметтік – психологиялық ахуалды анықтайтын «Жедел-әдістеме» (О.С.Михалюк, А.Ю.Шалыто).

**Қараша айында** Тәуекел топтағы оқушыларды анықтау мақсатында оқушыны психологиялық тестілеу мен диагностикалау үшін ата-ананың жеке келісімін ала отырып, 5-11 сынып оқушылары арасынан «Бес терек» жобасы аясында далалық зерттеу барысында 5-7 сынып оқушыларына «Менің отбасым!», 8-9 сынып оқушыларымен «Менің ең жақын досым!», 10-11 сынып оқушылары арасында «Менің арманым!» тақырыбында эссе алынды. Сауалнамалар алынып, нәтижесі мониторингке салынды.

5-11 сынып оқушылары арасында «Үй, Адам, Ағаш» проективті әдісі (авторы Дж.Бук) тұлғаның эмоциясын кейбір аспектілері мен жасырынып жатқан дүниесін ашу мақсатында жүргізілді. Жұмыстардың қорытындысы жасалып, оң нәтиже көрсетті.

6-7 сынып оқушыларымен Жеткіншек жас кезеңінде жүргізілетін психодиагностика қорытындысы бойынша жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары өткізілді.



Педагог-психолог мамандар Л.Калиева, Н.Халмуратова оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсетіп, оқушылардың толық психикалық жетілуіне және жеке тұлға болып қалыптасуына 1-11 сынып оқушылары мен психокоррекция, психодиагностика, психоконсультация, психопрофилактикалық жоспарға сай жұмыстарын жүргізді. Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «REFRAME» тұлғалық дамыту орталығының «БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында төмендегі жұмыстарды атқарды.

«БЕС ТЕРЕК» жобасының бірінші кезеңі.

Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау

Кабинеттік талдау

1.1.Әлеуметтік педагогтің мәліметтері

1.2. Мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімі

1.3.Мектеп инспекторының тіркеудегі оқушылар тізімі

1.4. Медбике толтыратын тізім. (Д- есебі)

1.5. Сынып жетекшінің әлеуметтік желілердегі талдауы

1.6. Суицид, құқықбұзушылық, ертежүктілік орын алған отбасылардағы оқушылар тізімі

Бұл тізім жоғарыда аталған мамандардың көмегімен жинақталады: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, сынып жетекшісі ұсынған тізімдер бойынша кабинеттік талдау жүргізіліп, анықталған оқушыларды тәуекел тобының жасыл деңгейіне тіркеледі.


**ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

2.1. Эссе талдауы.

2.2. Сауалнама.


2.3. «Үй, Адам, Ағаш» проективті әдісі (ДДЧ)

Б.Сокпақбаев атындағы жалпы орта мектебінде 5 сыныптар бойынша 72 оқушы бар.Сауалнамаға оқушының барлығы қамтылды.



«БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында алынған сауалнаманың қорытындысы бойынша 5 сынып оқушылары жақсы көрсеткіш көрсетті.

Б.Сокпақбаев атындағы жалпы орта мектебінде 6 сыныптар бойынша 79 оқушы бар.Сауалнамаға оқушының барлығы қамтылды.



«БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында алынған сауалнаманың қорытындысы бойынша бсынып оқушылары жақсы көрсеткіш көрсетті. Психолог көмегі қажет деген оқушылар саны -3. Осы оқушылармен психологтар жеке сөлесіп, мәселесін анықтап, психологиялық жеке кеңестер берді.

Педагог-психологтар:

Л.Калиева

Н.Халмуратова